Ағымдағы шотты ашуға арналған құжаттар

Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын заңды тұлғаларға*

Қажетті құжаттар тізбесі:

1. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу немесе қайта тіркеу туралы анықтаманың көшірмесі.
2. Барлық өзгерістері мен толықтырулары ескерілген Жарғының көшірмесі не үлгілік жарғы негізінде қызметті жүзеге асыратынын растайтын құжаттың көшірмесі.
3. Құрылтай шартының немесе жалғыз құрылтайшының (қатысушының) шешімінің көшірмесі.
4. Басшының және төлем құжаттарына қол қою құқығы бар өзге де тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттар.
5. Олардың өкілеттіктерін растайтын құжаттар: басшыны тағайындау туралы шешім немесе хаттама, бұйрықтар, сенімхаттар – көшірмелерін алу үшін түпнұсқалары немесе нотариат куәландырған көшірмелері.
6. Лицензияланатын немесе рұқсат алуды талап ететін қызмет түрлері бойынша лицензияның немесе рұқсат құжатының көшірмесі.

Қол қою үлгілері бар құжат Банкте ресімделеді. Сондай-ақ қол қою үлгілері бар нотариат куәландырған құжатты ұсынуға жол беріледі.

Компанияның ерекшеліктеріне қарай қосымша мынадай құжаттар талап етіледі:

- **Егер басшы шетел азаматы болса:** оған ЖСН берілгенін растайтын құжаттың көшірмесі.
- **Егер нақты орналасқан мекенжайы заңды мекенжайынан өзгеше болса:** компанияның орналасқан жерін растайтын құжаттың, мысалы, жалдау шартының немесе меншік құқығын растайтын құжаттың көшірмесі.
- **Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін:** ашылатын әрбір ағымдағы шот бойынша бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органның рұқсатының түпнұсқасы.
- **Акционерлік қоғамдар үшін:** бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірменің көшірмесі.
- **Қатысушылар тізілімін тіркеуші жүргізетін ЖШС үшін: қатысушылар тізілімінен үзінді көшірменің көшірмесі.**

Құрылтайшылар мен бенефициарлық меншік иелері туралы құжаттар:

- Құрылтайшылардың (қатысушылардың) – жеке тұлғалардың және бенефициарлық меншік иелерінің жеке басын куәландыратын құжаттарының көшірмелері.
- Егер компанияның қатысушысы заңды тұлға болса: компанияның дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталындағы үлестерінің 10%-ын және одан астамын иеленетін қатысушыны мемлекеттік тіркеу туралы құжаттың көшірмесі

- Бар болған жағдайда, акционерлердің (қатысушылардың) лауазымды тұлғаларының жеке басын куәландыратын құжаттарының көшірмелері.

Егер шотты өкіл ашатын болса:

- өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы;
- шот ашуға және оған билік етуге өкілеттік беретін сенімхаттың түпнұсқасы.

Бейрезидент өкіл үшін Қазақстан Республикасына кіру және онда болу құқығын растайтын құжат қосымша талап етіледі. Бұл талап Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар шетел азаматтарына қолданылмайды.

Қоғамдық және діни бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктері үшін қосымша ұсынылатын құжаттар:

- есептік тіркеу немесе қайта тіркеу туралы анықтама не куәлік;
- филиал немесе өкілдік туралы ереже;
- басшыны және қол қою құқығы бар тұлғаларды тағайындау туралы құжаттар;
- заңды тұлғаның филиал немесе өкілдік басшысына берген сенімхаты

Ереже мен өкілеттіктерді растайтын құжаттар көшірмелерін алу үшін түпнұсқада не нотариат куәландырған көшірме түрінде ұсынылады. Сенімхат түпнұсқада немесе нотариат куәландырған көшірме түрінде ұсынылады.

**Құжаттар тізбесі толық болып табылмайды. Банк клиенттен қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.*

Банкте өтініш, сауалнама, шарттық құжаттар және қажетті келісімдер ресімделеді.

Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын заңды тұлғаларға*

Қажетті құжаттар тізбесі:

1. Сауда тізілімінен үзінді көшірме немесе компанияның тіркеуші органын, тіркеу нөмірін, тіркелген күнін және жерін көрсете отырып берілген өзге де баламалы құжат – түпнұсқасы немесе қазақ не орыс тіліндегі нотариат куәландырған аудармасымен бірге нотариат куәландырған көшірмесі. Қажет болған жағдайда құжат заңдастырылуға немесе апостиль қойылуға тиіс.
2. Бейрезидент тұлғаның Қазақстан Республикасында салық төлеуші ретінде тіркелгені туралы тіркеу куәлігінің көшірмесі.
3. Компанияның орналасқан жерінің мекенжайын растайтын құжаттың көшірмесі.
4. Басшының және өзге де уәкілетті тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттар.
5. Олардың өкілеттіктерін растайтын құжаттардың көшірмелері: басшыны тағайындау туралы шешімдер немесе хаттамалар, қол қою құқығы бар тұлғаларды тағайындау туралы бұйрықтар.

6. Лицензияланатын немесе рұқсат алуды талап ететін қызмет түрлері бойынша лицензияның немесе рұқсат құжатының көшірмесі.
7. Қол қою үлгілері бар құжат – нотариат куәландырған немесе апостиль қойылған (заңдастырылған) құжат.

Құрылтайшылар мен бенефициарлық меншік иелері туралы құжаттар:

- Құрылтайшылардың (қатысушылардың) – жеке тұлғалардың және бенефициарлық меншік иелерінің жеке басын куәландыратын құжаттарының көшірмелері. Екінші азаматтығы болған жағдайда – екінші азаматтығын растайтын құжаттардың көшірмелері.
- Құрылтайшылардың (қатысушылардың) – заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжаттарының көшірмелері. Қатысушылар тізілімін бірыңғай тіркеуші жүргізетін акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің құрылтайшыларына (қатысушыларына) бұл талап қолданылмайды.
- Бар болған жағдайда, сіздің компанияңыздың акционері (қатысушысы) болып табылатын заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталындағы үлестерінің 10%-ын және одан астамын иеленетін акционерлердің (қатысушылардың) тіркеу құжаттарының көшірмелері.
- Бар болған жағдайда, акционерлердің (қатысушылардың) лауазымды тұлғаларының жеке басын куәландыратын құжаттарының көшірмелері.

Шетелдік қаржылық емес ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктері үшін қосымша талап етілетін құжаттар:

- филиал немесе өкілдік туралы қазақ және/немесе орыс тіліндегі ереже – түпнұсқасы немесе нотариат куәландырған көшірмесі;
- шетелдік ұйымның филиал немесе өкілдік басшысына берген сенімхаты – түпнұсқасы немесе нотариат куәландырған көшірмесі;
- есептік тіркеу немесе қайта тіркеу туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмесі;
- шетелдік ұйым жарғысының көшірмесі;
- Егер басшы шетел азаматы болса, оған ЖСН берілгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

Егер шотты өкіл ашатын болса:

- өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы;
- шот ашуға және оған билік етуге өкілеттік беретін сенімхаттың түпнұсқасы.

Бейрезидент өкіл үшін Қазақстан Республикасына кіру және онда болу құқығын растайтын құжат қосымша талап етіледі. Бұл талап Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар шетел азаматтарына қолданылмайды.

**Құжаттар тізбесі толық болып табылмайды. Банк клиенттен қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.*

Банкте өтініш, сауалнама, шарттық құжаттар және қажетті келісімдер ресімделеді.

Жеке кәсіпкерлерге*

Қажетті құжаттар тізбесі:

1. Жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы.
2. Жеке кәсіпкер ретінде тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі немесе электрондық құжат: тіркеу туралы куәлік, хабарламаны қабылдау талоны не заңнамада көзделген өзге де құжат.
3. Лицензияланатын немесе рұқсат алуды талап ететін қызмет түрлері бойынша лицензияның немесе рұқсат құжатының көшірмесі не электрондық нұсқасы.
4. Қызметті жүзеге асырудың нақты мекенжайын растайтын салық төлеуші кабинетінің экранынан алынған скриншот.
5. Бенефициарлық меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі. Екінші азаматтығы болған жағдайда, екінші азаматтығын растайтын құжаттың көшірмесі.

Егер шотты өкіл ашатын болса:

- өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы;
- Жеке кәсіпкердің атынан шот ашуға және операциялар жүргізуге өкілеттік беретін нотариат куәландырған сенімхат.

Бейрезидент өкіл үшін Қазақстан Республикасына кіру және онда болу құқығын растайтын құжат қосымша талап етіледі. Бұл талап Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар шетел азаматтарына қолданылмайды.

Егер жеке кәсіпкердің тағайындалған басшысы болса, қосымша мынадай құжаттар талап етіледі:

- оның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- басшының тағайындалғанын растайтын құжаттың көшірмесі: бұйрық, шарт немесе осындай тағайындауды растайтын өзге де құжат;
- Бейрезидент басшы үшін – Қазақстан Республикасына кіру және онда болу құқығын растайтын құжат.

**Құжаттар тізбесі толық болып табылмайды. Банк клиенттен қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.*

Банкте өтініш, сауалнама, шарттық құжаттар және қажетті келісімдер ресімделеді. Егер жеке кәсіпкер мөрді пайдаланатын болса, қол қою үлгілері бар құжат та ресімделеді. Қол қою үлгілері бар нотариалды түрде куәландырған құжатты ұсынуға да жол беріледі.